

егемен

Астана

Қарағандының жаңа жауһары

Қаланың қақ төрінде — Бұқар жырау даңғылы мен Бейбітшілік көшесінің қызылсында сән түзеген Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театрының жаңа шаңырағы өз есігін айқара ашты. Арқа төсінде алтын алқадай жарқыраған кеншілер шаһарына жетпіс жылдан асып қалды. Оның өсу жолы өзінше бір әңгіме. Әсіресе, кейінгі кездердегі көркеюі әдемілікке ерекше бет бұргандығын елестетеді. Ажарын одан сайын ашқан көз тартарлық ғимараттар қатары жиілеп келеді. Сәні мен сәулеті жағынан бірінен бірі асып түсерліктей. Қай-қайсысынан да заман талабына сай биік талғамның табы танылады. Кім айналадағы сұлулықты жақсы көрмес. Бұл күнде әр қарағандылықтың көңілі сондай көріністерге толып-ақ жүр.

Солардың ішінде шаһар бейнесінің шоқтығына айналған бір ғимараттың пайда болғанына көп бола қойған жоқ. Бұрнағы жылы бой көтерген ол Қарағандының айшықты символы іспеттес әйгілі қос кенші ескерткішіндегі алдымен жарқырап көзге түседі. Қаланың қақ төрінде, Бұқар жырау даңғылы мен Бейбітшілік көшесінің қызылсында сән түзеген сыртқы сымбаты қандай әсем болса, іші тіпті кірсе шық-қысыз әсер қалдырады. Алдында орындықта отырған Сәкен Сейфуллин мүсіні бұл көз тойғысыз күмбезі күн сәулемесімен жарқыраған зәулім үйдің нендей ерекшелігі барын танытады. Иә, ол аяулы ақын атындағы облыстық қазақ драма театрының жаңа шаңырағы.

Мәуеленген өлке өнері мен мәдениетінің мәйегіне айнала бастаған ордасы. Әңгімені әріден сабактағанда сенер-сенбестей жай, бұған дейін Қарағанды театрының жеке ғимараты болмай келген еді. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында құрылғанда сол кездегі кеншілер клубында біраз уақыт орын тепкеннен кейін орыс театрымен қоңылас болып, жарты ғасырдан астам кіріптарлық күй кешілді. Қанша айтқанмен өз еліндегі, өз жеріндегі мәні мен жөні бөлек өнер ортасының төл ордасы болуы керектігі көзге ұрып тұратын десек, Тәуелсіздікке қол жеткізілген шақтағана тұрғылықты жүрт өтініш-ұсынысы ескерілуіне үміт оянған-ды. Елбасының облысқа келген жұмыс сапарларының бірінде жергілікті қауымның осы тілектерін орындауға тікелей тапсырма беруі істі тездettі. Театр құрылышының алғашқы кірпішін қалауға да қатысқан болатын. Айта кету керек, оның қазіргі орнында қала сәулет өнерінің бұған дейінгі бетке ұстарлық ғимараты ұзақ жылдар тұрды.

Соғыстан соңғы жылдарда жапондық тұтқындар ағаштан өріп салған сол жазғы театр үйінің жеріне қызыққан әлдекімдер оны бұзып, сауда орталығын тұрғызбақ болғандары біраз дүрбелен туғызған оқиға. Сатып жіберілген орны қайтарылып алынып, тағы бір базарға қосылуынан сақталып қалынды. Онда қазақ драма театрын салу шешілді. Сөйтіп, 2006 жылдың тамыз айында басталған құрылыш екі жыл ішінде аяқталды. Жоғарыда атальып өткендей, театр таңғажайып сән-салтанатымен тамсандырады. Тұрлі-тұсті әшекейлі тас төсеген еденінен бастап, жан-жақтың бәрі әсемдік әлеміне баурайды. Кілем жайылған баспалдақтармен жоғары қабаттарға көтеріліп аралаған сайын қабырғаларға ілінген қылқалам шеберлерінің туындылары өнер көрмесіндегі алдан шығады. Театр тарихынан сыр шертетін мұражай таным байытады.

Әуезді әуен бой балқытады. Көніл қиялын әлдилеген маужыраған тыныштық, айналадан ескен әдемілік жан жадыратады. Театрдың үлкен және кіші залы келушілерге кезекпе-кезек ашық. Біріншісі – 600 көрерменге арналған. Жаңа қойылымдар тұсаукесері осында жасалады, көпшілік көнілінен шыққандары көрсетіліп тұрады. Айналмалы кең сахна қандай да болмасын драмалық шығармаларды тиісті талаптарда бейнелеуге қолайлы. Техникалық құрал-қондырғылар да барлық мүмкіншілікті жасай алады. Оркестр орналасқан төмөнгі орын саз әуені кернеген шакта болмаса сырт көзге байқала бермейді. Зал акустикасы құлақты артық түргізбейді. Екіншісі – 200 орындық. Әдетте мұнда жасөсіпірімдер мен балалар өз сүйікті спектакльдерін тамашалайды. Бұған қоса “YIB” зал да орын алған. Өркен-иеттік үлгіде жобаланып салынған мұндан өнер ғимараты елімізде ғана емес, көрші мемлекеттердің өзіндегі әзірге жоқ десем, артық айтқандық болмас, – дейді театр директоры, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенес Жұмабеков, – бізде барлық жағдай қараптырылған. Әртістердің әрқайсысының сахнаға шығуға дайындалатын бөлмелері бар, екі би, дene ширату, дайындық залдары және бөлек. Қойылымдардан соң моншаға түсіп ауларына да болады. Тігін, ағаш өндеу цехтары жұмыс істейді. Қойылымдарға қажетті киімдер, сахналық бұйымдар өзімізде жасалады. Ал бұларды былай қойғанда, өнер сапарымен келушілер 26 орындық мейманханамызға орналаса алады.

“Жақсыны көрмек үшін” дейді халқымыз. Бұгінде театрға келушілер жиіледі. Оларды жарқырап-жаңғырған театр өнері бір қызықтырса, көніл қошын шарықтатар жауһар ғимарат қоса тартады. Былтыр осында өткен Біржан сал Қожағұлов атындағы республикалық театрлар фестиваліне қатысушылардың “Шіркін-ай, шынында керемет екен. Осындағы ғажайып шаңыраққа біз қашан жетеміз” деп тамсанып кеткендери есте. Ел өсүде. Өмір жаңаруда. Несі бар, ондай қуаныш келеді бәріне. Ал сөз сонында аталған ғимараттың архитекторы кім десек, Қанат Мұсаев есімді азаматты атаймыз. Қарағандының жаңарған бет-бейнесіне қолтаңбалық үлесі үлкен ол біз білгендей жерлестерін тағы бір қуантпақ шығармашылық ізденіс үстінде. Айқын НЕСІПБАЙ,

Толығырақ: <https://egemen.kz/article/karagandinin-zhana-zhauhari>